

Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 20 қаңтардағы N 1902-ХІІ қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 мамыр 1993 ж. N 373

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шараларды қаржы жағынан қамтамасыз ету үшін республикалық бюджетте қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп 1993 жылғы шілдеге дейін:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң актілері мен шешімдерін аталған Заңға сәйкестендіру жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін:

Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары

аталған Заңға қайшы келетін нормативті актілерін қайта қарайтын немесе олардың күшін жоятын болсын.

3. Облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері мен ведомстволары осы қаулының орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК